

По данным табл. 1 и 2 полученные результаты характеризуют объект исследования со следующими показателями;

- средняя тонина невытой шерсти составила 22,59 мкм с показателями неровноты $SD = 4,78$ мкм и $CV = 22,94\%$, у мытой шерсти - 23,08 мкм при этом среднеквадратическое отклонение составило 5,12 мкм, коэффициент вариации 23,02%;

- по полученным значениям тонины исследуемые шерстяные волокна можно отнести к мериносовой шерсти 64к, тонина которых по классификации шерсти в соответствии с ГОСТ 30702-2000 составляет 20,6 – 23, 5 мкм;

- комфорт фактор, показывающий долю волокон, тонина которых менее 30 мкм составляет 92,76% для мытой шерсти и 92,45% – для невытой шерсти;

- средняя длина волокна составляет – 85,28 мм, коэффициент вариации по длине – 22,42%;

- средний показатель разрывной нагрузки при разрыве шерстяных волокон – 11,27 сн/текс.

Таким образом, полученные результаты показателей качества с применением прибора OFDA 4000 позволяют за короткое время анализировать большое количество волокон (3000-5000 штук) с высокой точностью измерений тонины и длины волокна отобранных партий шерсти и получать достоверную информацию показателей качества шерсти по сравнению с ручным способом. Как известно, при ручном способе измерений тонины и длины волокон необходимо проводить по 600-1200 измерений, что является трудоемким и имеет большую степень ошибки выборки.

СПИСОК ЛИТРАТУРЫ

1. Разумев К.Э. Современные методы инструментального определения свойств шерстяного волокна. // Текстильная промышленность, 2005. – №1-2. – С.12-19.

2. Тиздайль Д.С. (перевод с англ. Отыншиев М.Б.) Справочник по испытанию и маркировке шерсти. – Алматы, Рауан, 1996.

Алматинский технологический университет

ТҰЖЫРЫМ

Бұл мақалада жүн талшықтарының сапалық көрсеткіштерін OFDA-4000 құрылғыны қолданумен жүргізілген эксперименталды жұмыстардың нәтижесі келтірілген. Қондырғыны қолдану арқылы қысқа уақытта көптеген жүн талшықтарының жіңішкелігімен ұзындығын талдауға және сапа көрсеткіштері туралы ақпаратты жоғары нақтылықпен алуға мүмкіндік туғызады.

RESUME

In given article results of experimentally-scientific researches are resulted according to quality of a woolen fibre with device OFDA application-4000. It is shown that application of the device of the given device allows to analyze in a short space of time a considerable quantity of fibres with split-hair accuracy of measurements toniness and lengths of a woolen fibre and to receive trustworthy information of indicators of quality of wool in comparison with manual way.

УДК: 687. 7. 022. 7

ҰЛТТЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП, МЕКТЕП ФОРМАСЫН ДАЙЫНДАУ

А.Б. ДОШИБЕКОВА

Мақалада мектеп формасын ұлттық мазмұн бере отырып дайындау және оны бүгінгі заман нышандарымен байыту жолдары қарастырылған.

Мектептерге көңілге қонымды киім үлгілерін енгізу қазіргі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың нағыз ұлттық санасы, мінез-құлқы мектепте қалыптасады. Мектепте ең көп киетін киім үлгілерінің бірі-мектеп формасы.

Сол себепті мектеп форма үлгілерін жобалағанда сәннің бағыты, түсімен қоса қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескерген жөн деп ойлаймыз.

Әрбір оқушы – мектептің айнасы. Сондықтан, жастар білімімен, тәртібімен, ұқыпты киіне білуімен көзге түседі. Мәдениетті киіну – білімділік белгісі. Сондықтан, мектептерге көңілге қонымды киім үлгілерін енгізу қазіргі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың нағыз ұлттық санасы, мінез-құлқы мектепте қалыптасады.

Мектепте ең көп киетін киім үлгілерінің бірі – мектеп формасы, оны бір жылдың 9-10 айында киеді. Сол себепті мектеп форма үлгілерін жобалағанда сәннің бағыты, түсімен қоса қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескерген жөн деп ойлаймыз [1].

Егеменді ел болған соң ұлттық салт-дәстүрге, мәдениетке, ұлттық киімдерге, халық қолөнеріне үлкен мән беруіміз керек. Оқушыларға тәрбие беру ерекшеліктеріне киім де үлкен әсер етеді. Киімді қоғамдық жағдайларға сәйкес белгілі бір ұғыммен бейнелеу тұрғысында киюіміз қажет.

Сән ағымы да үнемі жаңарып отырады. Сән не үшін керек деген сұраққа былай жауап беруге болады. Көпшілік қолданылатын үлгіні үйрену арқылы әр суретші-модельер өзіндік стилін тауып, талғамын дағдыландырады. Әр өнер тұрмыстық заттың қажеттілігінен пайда болса да, ол қажеттілік заңы мен сұлулық заңына бағынған. Киім адамның қоғамдағы белсенді орнын белгілей келіп, тарихи байланысын, қоғамдағы қарым-қатынастарын, оның үлгілері мен өрнектері арқылы ата-бабаларымен сабақтастығын айқындайды. Сұлулық заңдарын заттың формасы мен маңызы, оның тұрақтылығы мен толықтығы, түрлері мен түстердің ұйқастығы сияқты сипаттармен байланыстырады. Киім заманымен үйлесімді болуы керек.

Мектеп формасының тарихына көз жүгіртсек көп өзгерістер болды. Мектеп формасы Кеңес Үкіметі тұсында бірнеше рет өзгеріп отырды. Қыз балалар классикалық қоңыр түсті көйлектерді қара (күнделікті) немесе ақ түсті (мерекелік іс-шараларға) фартуктармен үйлестіре киді. Фартуктер артқы жағынан бант түрінде байланатын. Форма көйлектер ақ шілтерлі қайырма жағамен, манжеттермен әшекейленетін. Жаға және манжеттерді тағу міндетті болатын. Бұл киімдерге қосымша қара немесе қоңыр (күнделікті) немесе ақ (мерекелік) бантиктер тағатын. Басқа түсті бантик тағуға рұқсат етілмеген. 1950 жылдарға дейін қыз балалар міндетті түрде шаштарын өріп, бантик таққан. 1980 жылдың басында жоғарғы сынып оқушыларына арналған (8 сыныптан бастап) жаңа мектеп формасы енгізілді. Қыздар 1-7 сыныпқа дейін бұрынғыдай қоңыр форма көйлек киіп, тек ұзындығы тізеден сәл жоғары болды. 1984 жылы көк түсті үштік-тұрды. Үстіне бешпет (жакет) киюге болатын. Мектеп формасын толықтыру ретінде оқушы жасына қарай октябрияларға (бастауыш сыныптарда), пионерлерге (орта сыныптарда) немесе комсомолдарға (жоғарғы сыныптарда) арналған белгілерді (значок) тағу міндетті болатын. Пионерлер міндетті түрде қызыл түсті пионер галстугін тағатын. 1991 жылдың қыркүйегінен галстуктер мен белгілерді тағу тоқтатылды. Қазір Кеңестік дәуірдегі мектеп форма көйлектерін соңғы қоңырауға ғана кию дәстүрге айналды.

Жастар сәннің жаңа толқыны өткенді жоққа шығармайды. Бір мезгілде киімнің бірнеше стилі мен силуэті қатар жүреді. Осыған орай әрбір адам өз стилін өңдеуге жастар сәні мүмкіндік береді [2].

Қазіргі заман талабына байланысты ұлттық киім формаларын жаңа әдіс-тәсілдерін тігіп, өзіндік ұлттық нақышпен әшекейлеуде бұрынғы сюжеттік элементтерді ұмытпау керек. Қай қоғамда болмасын бүгінгі мен келешегімізді қастерлеу өмірдегі тіршіліктің, қоғамның парызы. Ал сол қоғам иелері халқымыздың тұрмыс қажеттілігінен туындаған ұлттық өнер мұраларын сақтап, зерделі зерттеп, сұрыптап, қазіргі уақытта сәнді етіп, ұлттық киімімізде қолданып, танытудың маңызы артып отыр. Осыдан, халқымыздың ұлттық мәдениеті мен рухани мұраларын ұрпақ санасына сіңірудің қажеттілігі туындайды. Өйткені, қазақ ұлттық киімінде сарқылмайтын сан

қилы ой, қиял, үлгі бар оның бәрі ата-бабаларымыздың өз ұрпақтарына қалдырған рухани қазынасы. Сол қазынаны дұрыс пайдалану, сабақтастыру, өркендету қазіргі мәдениеттің және халықтық тәрбиенің нысаны [3].

Қазіргі кезде ұлттық киімдердің үлгісін негізге алып тігіліп жатқан жастар сәндік киімі кең таралып келеді. Қазақ жастарының көпшілігі бұрынғы сәнді қайта жаңартып, ол жаңа үлгіде тігілетін киімдерден көрініс тауып жатыр. Мысалы: қалталарда, белдікте, аяқ киімде, шалбарда, сөмкелерде шашақ, ою-өрнек жиі пайдаланыла бастады. Сондай-ақ сән-салтанатқа арналған ұлттық үлгідегі киімдерді желбезектермен, кестелермен, бастырмалармен, ою-өрнектермен әшекейлеуде.

Оқушылар үшін киім киюге еркін форма берілгендіктен ұлттық салт-дәстүрдің тәрбиелік ерекшелігін ескеру маңызды. Бірақ мектеп оқушыларына тәлім-тәрбие беруде тек ұлттық дәстүрмен шектеліп қалуға да болмайды. Киім оқушылардың қимыл қозғалысына өте ыңғайлы болуы керек.

Қазіргі уақытта біздер мектепте бір-біріміздің киімдерімізге қатты көңіл бөлеміз. Тіпті бір-біріміздің киімдерімізге көңіл бөліп қана қоймай, мұғалімнің киіміне де назар аударамыз. Сондықтан оқушылар тек оқумен, білім алумен айналыссын десек, бірінші мектеп формасына көңіл бөлуіміз керек. Егер оқушылардың тұрақты киім формасын реттемесек, олар әр түрлі сәнге еліктеп, көшеге киінетін киімдерді мектепке киіп келеді. Нәтижесінде олар бір-бірінен асып түскісі келіп тұрады. Осыдан келіп мектептегі оқушылардың көзқарастары өзгере бастайды. Яғни, тәрбиесі, мінезі ауытқып, сабаққа қарым-қатынасы нашарлайды.

Мектеп формасын әзірлегенде оқушының бойынан қазақтың қайталанбас өзіне тән мінезін, оның күш-жігерін байқайтындай болуымыз керек. Мектеп формасы 45 минут сабақ

кезінде ешқандай ыңғайсыздық тудырмай, денемізге қонымды болуын ескеруіміз қажет. Біздің ағзамыз жалпы даму үстінде болғандықтан ылғал өткізгіштігі, жылу өткізгіштігі, әрі гигиеналық талаптарға сай матадан мектеп формасын тіккеніміз жөн. Ал маталардың түсі Қазақстан мемлекетінің оқушысы екенін танытып тұрса. Себебі, әр халықтың ұлттық жанына жақын, айрықша қастерлейтін өз бояуы, өз түсі болады. Соған орай ұлттық бояу деген ұғым кең тараған. Оның терең танымдық мәні, үрдісі және өріден бастау алтын төл тарихы бар. Түсті әдетте, ұлттық өнер туындыларында, ою-өрнектерде, киім-кешектерде, тұрмыстық заттарда жиі қолданады. Ұлттық бояу халықтың табиғи болмыс-бітімі мен мінез-құлқынан да хабар беріп тұрады.

Көк түс адам баласы түйсініп, қабылдап, қолданып жүрген бояулардың ең бір реңділері қатарына жатады. Бұл кездейсоқтық емес. Өйткені, өнер өзі қоршаған ортаға халықтың салт-дәстүріне байланысты дүниеге келеді.

Ендеше аспан түстес реңнің айрықша ықыласқа бөленетіні заңды. Танымдық тұрғыдан алғанда аспанның, ауа мен құрлықтың белгісіне байланысты. Көк түс-кіршіксіз адалдықтың, тазалық пен бейкүнә пәктіктің нышаны. Осыған орай, мектеп формасының көк пен ақ түсте болғаны жөн деп ойлаймын. Оқушының ағзалары жылдан-жылға өсетін болғандықтан мінез-құлқы да жасына байланысты өзгеріп отырады. Ал бұл мектеп формасының пішіміне де әсер етеді.

Мектеп формасы біздің сана-сезімімізге міндетті түрде әсер етеді. Себебі, ол жағымды және жағымсыз эмоциялар тудырады және біздің мінезіміздің қалыптасуына септігін тигізеді. Сонымен қатар біздің белсенді, сенімді, ұқыпты болуымызға әсер етіп, үлкендердің еңбек әректіне қызығуымызды арттырады. Оқушы формасының пішіні мен массасын, пропорциясын шешуде дене бітімінің ерекшеліктері ескеріледі.

Ұлттық мектеп костюмін дайындауда бұйымдарды сәндеудің көптеген түрлері кеңінен қолданылады. Дәстүрлі қазақ костюмі негізінде орындалатын қазіргі кезең киімдерінің қызметін анықтау және тұтас бұйым мен оның жеке элементтеріне бағалы түр беру үшін көркемдік-сәндік өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Мектеп формасына қазақ ұлттық киімдерінің дәстүрлі ерекшеліктеріне сәй әр түрлі ою-өрнек үлгілерін таңдауда және олардың түстерін сәйкестендіруде нақты шешімдерді қабылдауымыз маңызды. Ұлттық мектеп киімін дайындауда белгілі бір аралықта қайталанып отыратын орнаменттік композиция жиі қолданылады.

Ою-өрнекті таңдауда оның орналасу орнын және ішкі басқа ою-өрнектермен сәйкес келуін ескеру қажет. Ою-өрнек түрлері киім бөлшектерінің пішіміне байланысты болады. Киімнің тікбұрышты бөлшегіне тікбұрышты ою-өрнек сәйкес келсе, дөңгелек және симметриялы емес үлкен пішімді бөлшектерге дөңгелек пішімді ою-өрнектер салынады. Бұл өрнектер дайындалатын киімнің жиектік сызықтарын анық көрсетеді. Ою-өрнектердің барлық элементтері әр түрлі мотивтерде қолданылады және бір жерден екінші жерге оңай көшеді. Ұлттық өрнектерді орналастыру киімнің жалпы композициясын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін белгілі бір заңдылықтарды қажет етеді. Бұдан киім пішімі мен орнаменттің композициялық сипаты байланысты екендігі тұжырымдалады.

Мектеп формасын дайындауда ою-өрнектердің түсі туымыздағы күн мен бүркіт түсі секілді сары болғаны жөн. Қошқармүйіз өрнегі байлық пен батылдықтың, қайсарлықтың белгісі болса, өсімдік тектес ою-өрнек қыздардың гүл сияқты

нәзіктігін білдіреді. Мектеп формасын кестемен тоқылған өрнекпен безендіруге болады.

Кестеленетін өрнек түрлері әр кестенің ерекшелігіне қарай таңдалады. Біз кесте үшін көбіне ұлттық ою-өрнек (зоо-морфтық, өсімдік бейнелес) түрлері пайдаланылады, ал әредек және шым кесте үшін өсімдік бейнелес, тек біріншісі үшін сызық бойындағы майда элементтерден құралған өсімдік бейнелес өрнектер қолданылады.

Өрнектерді кестелегенде жіп түстеріне де үлкен мән беріледі. Басты сәндік құралдың бірі-түс. Ою-өрнек тәрізді адамға белгілі бір психологиялық ықпал ете алатын түс идеялық мәндік сипатымен айқындалады. Қолданыс тапқан әр түске оның символикалық маңызына қарай нақтылы мағына беріледі [4].

Жоғарыдағы ойымызды қорытындылайтын болсақ киім үлгілерінің ұлттық көрінісінің нақыштары, өрнектері, айшықты ырғақтары, стильдері өзіндік ерекшелігімен құнды. Ұлттық рухани мұралардағы ою-өрнек, бояу түсі халықтың таным-түсінік, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, этникалық орта және мінез-құлықпен байланысты ерлік, қайрат-күш қасиеттері сияқты көріністерде дербес қарастыру арқылы, киімнің дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымының көне қыртыстарына көз жібере, қазіргі киім мәдениетіндегі дәстүрлі форманың сақталу сипатына талдау жасай аламыз. Қазіргі киім үлгілеріндегі ұлттық дәстүрдің сақталу мәдениеті заман талабына сай туындап отырған мәселе болғандықтан осы үрдістегі үйлесімділіктер мен қайшылықтар жаңа мәдени құндылықтардың көзі ретінде қарастырылады. Мектеп формасындағы ұлттық нақыштардың ерекшеліктері қазақ халқының рухын, еркіндікті танытатын ою-өрнек әшекейлердің әр түрлі үлгілерінде көрініс беріледі. Киім дизайндағы жаға көрініс арқылы тамаша қазақ ою-өрнегімен өмірді шабыттандыруға және ұлыстар мен

сақтардың ұрпақтары ретінде ғасырлардың байланысын көруге болады. Мектеп формасының көркемдігі, байлығы, сан қилы өрнектермен безендіру әсемдігі адамға моральдік және рухани жағынан дем беріп, ойды баурайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жилисбаева Р.О., Хромцов С.В. История развития изделий текстильной и легкой промышленности. – Алматы, 2008. – 89 б.
2. Мартынова А.А., Яченко О.Ф., Васильев А.В. Технология изготовления тканей. – М.: Академия, 2007. – 237 б.
3. Қуатбеков А., Келесова Ү. Тігін бұйымдарының технологиясы. – Астана: 2010. – 225 б.
4. Хамидолла Б., Жоламанова Қ. Тігін мамандығы. – Астана: 2010. – 182б.

Алматы технологиялық университеті

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается школьная форма с национальным значением и способ и украшения национальными узорами в соответствии с нынешним временем.

Внедрение в школу стильной и удобной формы на сегодняшний день является одной из главных задач.

Поскольку национальное мировоззрение и поведение ученика формируется в большей степени в школе, мы считаем, что при внедрении школьной формы важное значение

имеет не только стиль, цвет и современность, но и ее национальная особенность.

RESUME

In article the school uniform with national value is provided and away of an ornament national patterns in conformity with present time. Each pupil is the person of school.

Introduction in school of the stylish and convenient form on now day is one of the main problems. There fore appearance of the pupil should be on a level with education and etiquette has every much great value.

National philosophy of life and the behavior of the pupil is formed at school as pupils spend the most part of time at school. We consider that at school uniform introduction, the great value has only style, color and present, but also national feature a school uniform.